

ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУДЕ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚОСЫМШАЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

Сауранбай Әсия Нағиқызы

assiya.sauranbay@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Ақпараттық технологиялар факультеті, информатика кафедрасы, Информатика педагогтарын даярлау мамандығы магистранты
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекші: Н.Т. Шындалиев п.ғ. кандидаты, доцент

Пандемияның таралуы бүкіл әлемдегі оқу орындарының карантиндік шараларға байланысты жабылуына әкелді. Бұл білім беру ұйымдарының тиімді онлайн оқытуды қамтамасыз ету үшін алдыңғы қатарлы технологиялардың, соның ішінде аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз етудің көмегін қажет ететін дағдарыстардың бірі болды. Мұндай карантиндік шаралар оқытудың шетте қалуына жол бермеу үшін онлайн оқыту ортасының дамуын жеделдетті. Көптеген оқу орындары курстың мазмұнын интернетте қалай жақсы ұсынуға, студенттерді тартуға және бағалауды жүргізуге қызығушылық танытты. Осылайша, адамзат үшін қауіпті болуына байланысты, білім беру онлайн оқыту режиміне көшті.

Қашықтықтан кезінде онлайн оқытуды қолданудың кеңеюіне байланысты оқытуға қатысты тиімділігін қарастыру қажет. Сондықтан, бұл мақала Қазақстандағы онлайн оқытудың артықшылықтарын, шектеулері мен ұсыныстары туралы. Орта және жоғары білім беру орындарында онлайн оқыту кезіндегі электронды білім берудің артықшылықтарын қарастырады. Бұл мақалада қашықтықтан оқыту кезіндегі информатика пәнін оқытуда электронды ресурстарды, мобилді қосымшаларды қолданудың тиімділігін көрсетеді.

онлайн оқыту - интернеттегі веб-бағдарламалар арқылы қашықтықтан оқытуды айтамыз. Ол оқу мазмұнын бағыттау, жобалау және жеткізу үшін технологиялық жетістіктердің көмегімен білім алушылар мен оқытушылар арасындағы екі жақты байланысты ұйымдастыруды қамтиды. Онда оқытушылар мен білім алушыларға онлайн режимінде сөйлесуге және курстың мазмұнын қатар бөлісуге мүмкіндік беретін тақталар, чаттар, сауалнамалар, викториналар, пікірсайыс форумдары және сауалнамалар сияқты мүмкіндіктер бар. Олар оқу мақсаттарына жетудің өнімді және ыңғайлы тәсілдерін ұсына алады. Қазақстанда оқу орындары Microsoft Teams, Microsoft, Google meet, Zoom, Bilimland, WebEx және т.б. онлайн платформалардың, бейнеконференцияларды білім беру қосымшалары ретінде пайдаланды.

Қашықтықтан оқыту үшін білім алушы мен оқытушы техникамен толық жабдықталуы тиіс. Карантин басталғаннан бастап мектептерде оқушыларды компьютерлермен қамтамасыздандыру басталды. Еліміздегі орта білім беру мекемелерінде қаржылар бөлу арқылы қосымша компьютерлер ноутбук, планшеттер оқушыларға берілді.[1]

Қашықтықтан оқыту кезінде информатика пәнін оқушыларға мобилді қосымшаларды қолдану тиімді әдістердің бірі. Қазіргі елімізде болып жатқан жағдайларға байланысты қашықтықтан білім алып отырған оқушылардың барлығы компьютермен қамтамасыз етілмеген оқушылар да бар, сол оқушыларды мобилді қосымшалардың көмегімен оқытуға болады. Android қосымшалары арқылы мектеп оқушыларына бағдарламалық тілдерді компьютердің көмегінсіз пайдалануға мүмкіндік береді. Қашықтықтан білім беруде компьютердің көмегінсіз бастауыш сыныптарға болатын «Дыбыстарды өңдеу», «Видеожазбаларды өңдеу» тақырыптарына мобилді қосымшаларды қолдану арқылы оқушылардың информатикаға деген қызығушылығын арттыруға болады. Мектепте 6 сыныптан бастап бағдарламалау тілдері оқытылады. Бағдарламалау тілдерін Android қосымшасында телефонның көмегімен оқыту арқылы компьютері жоқ оқушылардың информатика пәнінен шет қалмай оқуына көмектеседі. Мектептегі 7,8,9 сыныптарға өтілетін

электронды кестелерді үйрету үшін телефондағы Microsoft Office бағдарламаларын қолдансақ болады.

Электронды ресурстарды қолдану арқылы оқушылардың білімін көтеруге болады. Бір бөлімді балаларға толық үйрету үшін электронды ресурс жасау арқылы түсіндіруге болады. Электронды ресурста бірінші бөлімді тақырыптарға бөліп қарастырсақ, сол тақырыптарды түсіндіру видеосабақтар, тапсырмалар беруге және бөлімді аяқтағанда бөлім бойынша жиынтық бағалау (ББЖБ) алсақ болады. Мысалы 5 сыныптың «5.3А бөлім - Робототехника», «5.3В бөлім – Роботтардың жарысы» бөлімдерін біріктіріп электронды ресурстар жасасақ. Ресурсымызда теория мен практикалық тапсырмалар, және бөлімді қортындылайтын ББЖБ тапсырмасын қойсақ, оқушылар пәнді жалықпай қызығып оқиды деп ойлаймын.

Электрондық оқулықтарды жасау барысында адам мен компьютердің өзара әрекеттесуіндегі объектілерді, оқу процесін ұйымдастырумен және зерттелетін материалдың мазмұнын ұсыну ерекшеліктерімен байланысты көптеген мәселелерді шешуде көмегін тигізеді. Көптеген Заманауи бағдарламалау құралдары объектіге бағытталған бағдарламалау идеяларын жүзеге асыра отырып, WINDOWS-та жұмыс істейтін мәтіндік және графикалық редакторлар жасаған кез-келген нысандарды экранда көрнекі етіп ұсынуға мүмкіндік береді. Электронды оқулық үшін негіз ретінде C++ Builder, Python ADS және т.б. сияқты бағдарламалау тілдері мектеп оқушыларын оқытатын электронды қолдану әрқашан ыңғайлы. [2]

Пандемияның таралуы, білім беру жүйесіне ең үлкен қауіп төндіруі мүмкін еді.. Ол білім беру саласындағы халықаралық мақсаттарға қол жеткізуді кері бұрды және халықтың әлсіз топтарына пропорционалды түрде көбірек әсер етті. Соған қарамастан, білім беру қауымдастығы өзінің тұрақтылығын көрсетті және одан әрі қалпына келтірудің негізін қалады. Жағдайдың нашарлау қаупі, білімнің жоғалуы мен оқшаулануымен бірге көлбеу жазықтықта төмен қарай қозғалу қаупі бар. Алайда, әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың шиеленісуінің кез-келген қаупі керісінше - жағдайды жақсы жаққа өзгерту және болашақта осындай жүйені құру туралы ойлануға себеп болады. Заманауи техника, технологияның дамуының арқасында онлайн оқуға көшіп, білім беру жүйесі бір орында тоқтап қалған жоқ [3]

Жағдайдың нашарлау қаупі, оқшаулану білімнің жоғалуы мен төмендеу қаупі бар. Алайда, әлеуметтік — экономикалық жағдайлардың шиеленісуінің кез-келген қаупі керісінше жаңа ашылуларға, дамуға деген талпынысқа себеп болады. Пандемияның таралуынан болып жатқан бұл өзгерістер жағдайды жақсы жаққа өзгерту және болашақта біздің барлық талаптарымызға сәйкес келетін білім беру жүйесін құру, оқытуда жан-жақты өзгерістер енгізу және әр адамның да, бүкіл қоғамның да әлеуетін іске асыру,білім беру саласына инвестициялар салу арқылы білім деңгейін көтерілудің бір сатысы деп қарайық.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. <https://7-su.kz/news/cat-12/7278/>
2. Білім беру ұйымдарына электрондық оқыту жүйесін енгізу жағдайында педагогтардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру әдістемесі / Ахметова Г.К., Караев Ж.А., Мухамбетжанова С.Т. // Алматы:АҚ «ҰБАО «Өрлеу», 2013.
3. <https://www.enu.kz/downloads/sentyabr-2020/v-period-pandemii.pdf>